

1. Токаев К. Дипломатия Республики Казахстан. Астана, 2001. С.33.

2. Турция и Казахстан создадут новый Шелковый путь //news.mail.ru/inworld/kazakhstan

3. Сотрудничество Республики Казахстан с Турецкой Республикой //http://www.mfa.gov.kz

4. Сенбай Е., Шәріп А. Қазақстан - Азияның жүрегі, аймақтың жарқыраған жұлдызы! //thenews.kz

В данной статье автор анализирует взаимоотношения между Республикой Казахстан и Турецкой Республикой за последние годы. Так как на современном этапе стреми-

тельно развиваются торгово-экономические связи между Казахстаном и Турцией. Сотрудничество осуществляется как на двусторонней основе, так и в рамках региональных экономических интеграционных группировок. О стратегическом характере взаимоотношений Казахстана и Турции свидетельствует интенсивность и уровень контактов.

This article is devoted to the cooperation between Republic of Kazakhstan and Turkey. Author tries to open economic aspects. Relations between these two republics develop very intensive.

Қ. Ә. Жүніс

ТАЯУ ШЫҒЫС САЯСАТЫНДАҒЫ ҚР БАҒЫТЫ

Жаһандану үрдістері жүріп жатқанда транс-ұлттық экономикалық өзара байланыстардың қалыптасқан, халықаралық қатынастардың жаңа өлшемдер пайда болған жағдайда әлемдік дәлелденген мұнай қорының 43,9%-ына және табиғи газдың 15,5%-ына ие Парсы шығанағының араб монархиялары соңғы онжылдықта аймақтық кеңістіктен әлемдік экономика мен таяушығыстық саясаттың орталығына қарай назарын шоғырландырды. Өзінің ерекшелігі арқасында Парсы шығанағы жер шарының стратегиялық маңызды аймағы болып отыр.

Америка экономикасы басынан өткізіп жатқан дағдарыс алдындағы жағдайдан шығу жолдарын таңдауды АҚШ-тың жаңа Ұлттық қауіпсіздік стратегиясы айқындады. Әлемнің өзекті қор аймақтарына бақылау орнатып, өздеріне тиімді баға орнату мәселесін Вашингтон басым түрде әскери күш көмегімен шешуді көздеді.

Еске сала кетуіміз керек, Екінші дүниежүзілік соғысы аяқталғаннан кейін Таяу және Орта Шығыстағы Вашингтонның стратегиясы мен саясаты әлемнің осы аймағында экономикалық, саяси және әскери-стратегиялық ұстанымдарын кеңейтуге бағытталды.

Парсы шығанағы аймағында геостратегиялық жағдайдың өзгеру үрдісі Ирақтың Араб бұғазында орналасқан араб монархиялары елдерімен қарым-қатынасының дағдарысы нәтижесінде басталды. 1990 жылы Ирақ-Кувейт дағдарысы сахнаға шықты. Кейін БҰҰ-ның Саддам Хусейнді оккупацияланған Кувейт аймағынан Ирақ әскерін шығарту үшін бірқатар сәтсіз талпыныстары, АҚШ қарамағында антиирақтық

коалиция мен көпұлтты күштердің құрылуы, нәтижесінде «Шөл дауылы» - АҚШ пен оның одақтастарының Кувейт аймағын босату бойынша іс-қимылдар орын алды.

Сол уақыттан бастап бүгін әлем Ирақ айналасындағы кезекті дағдарыспен бетпе-бет кездесіп отыр.

2001 жылғы қыркүйекте Бүкіләлемдік сауда үйінің алып ғимаратына және Пентагонға бір уақытта жасалған лаңкестік әлемге өз әсерін тигізді. Бұл оқиға әлемдік теке-тірестің шегіне жеткендігін айғақтады. Кейбір сарапшылар бұл құбылысты «үшінші дүниежүзілік соғыс» немесе «симметриялық соғыс» деп те атады. Бұл құбылыстың басты ерекшелігі өте аз күшпен, аз ғана шығынмен, мардымсыз қормен орасан зор шығын келтіруге болатындығы айғақталды. 11 қыркүйектегі лаңкестік іс-әрекетке он шақты террорист, жүз мыңға жуық доллар шығындап, АҚШ-қа үш мың адам, бірнеше миллиард доллар материалдық зиян келтірді. Сонымен қатар Америка қоғамына келген қорқыныш пен үрейдің, қауіпсіздікті күшейтуге жұмсалған қосымша шығындардың көлемін ақшамен есептеу қиын.

АҚШ әлемдік басшылық саясатын біртіндеп іске асырып жатса да, әлемдік терроризм үрдістері толастар емес. Терроризм тарихына көз салсақ, бұл құбылыс Ресей мен Еуропа елдерінде басталғанын байқаймыз. Қазір, өкінішке орай, терроризмді әлемдік қауымдастық ислам дүниесімен тікелей байланыстырып отыр.

XXI ғасыр басында терроризмге қарсы күрес ұранын бетке ұстаған АҚШ-тың «жаңа отарлау саясаты» басталды. Алдымен, 2002 жылы

Ауғанстандағы талибан билігі орнатылды. 2003 жылы антихалықтық режим деген сылтаумен Ирақтағы Саддам Хусейн режимі құлатылды. Әрине, Саддам режимін де ешбір ақтауға келмейді. 1980-1988 жылдары Саддам Хусейн Иракты Иранмен соғыстырған. 1991-1992 жылдары мұнайға бай Кувейтке басып кірген. Сондықтан АҚШ кейінгі 15 жыл бойы Иракты «зұлымдық белдеуі» елдері қатарына жатқызып келген болатын. Америкалық идеология Саддам Хусейнді үнемі Адольф Гитлермен салыстырып келді. Саддамды саяси сахнадан шығармасақ оның елі бүкіл әлемдегі бейбітшілікке қауіп төндіреді, әлемнің тыныштығын бұзушы Ирак деп өркениетті қауымдастықты АҚШ әбден көндірді.

АҚШ-тың Иракқа қарсы жаугершілігін қатардағы америкалықтардың басым көпшілігінің қолдауының себебі осында. АҚШ-тың бүкіл саяси-идеологиялық жүйесі, Ирак басшылығы әлем халықтарының бейбітшілігіне қауіп төндіруде. Осы арқылы Ирак режимі Америка халқының ұлттық мүдделеріне де қауіп төндіруде деп жариялады. Америка халқы мен әлем жұртшылығы АҚШ-тың Иракқа шабуылына баға беруде бір бағытта болған жоқ. Әрине, өркениетті адамзат өкілдері, жүздеген мың адамдар қатысқан ереуілдер ұйымдастырғанымен, көптеген мемлекет үкіметтері АҚШ-тың жаугершілік саясатын жақтап шықты. Бұл саясатты АҚШ идеологиялық шараларының жетістігі деп бағалауға болды.

Америка әскерінің алдына қойған ең басты мақсаты орындалды. Олар Саддам Хусейннің режимін құлатып, аймақтағы жағдайды ушықтырып жіберді. Алайда АҚШ экономикасына Ирактағы соғыс үлкен шығын әкелді. Жыл сайын Құрама Штаттар Ирактағы операцияларға 100 миллиард доллар жұмсайды. Сарапшылардың айтуынша, дәл осындай орасан шығындар Американың экономикасын құлдыратып жіберген тәрізді. Ирактағы соғыс АҚШ-тағы сайлауалды науқанын өткізіп жатқан саясаткерлер үшін де ең басты тақырып болып отыр. Ақ Үй басшысы лауазымына үміткер Барак Обама, егер де АҚШ президенті болып сайланса, 60 күннің ішінде Ирак жеріндегі қанды соғысты тоқтатуға уәде берді. Бұл орайда Республикалық партия атынан шыққан Джон Маккейннің ұстанымы өзгеше. Ол Ирак бойынша жоспарланған барлық шараларды жүзеге асырып, аймақтағы әскери шараларды жалғастырмақ. Жаппай қырып-жоятын қарудың ізі болғанын анықтау үшін Иракқа үлкен мамандардан құралған, жақсы жабдықталған арнайы топ құрып жіберілді.

Олардың әрқайсысы өз пікірлерін де білдірді. Пікірлерге қарағанда, ешқайсысы да С. Хусейнде мұндай қару-жарақ болмады деген жоқ. Яғни, олар мұндай қару-жарақтың болғанына күмән келтірмейді. Сонымен қатар Хусейн химиялық қаруды өз халқына және Иранға қарсы қолданған.

«Ақ Үйдің» С. Хусейнге қарсы әскери шараларды Ауғанстан жоспарын қайталап, ал диктатор «Талибан» жағдайын қайталайды деген ойда болды. Осындай қате пікірлер Иракқа ену кезіндегі және одан кейінгі әскери қиындықтардың себебінің негізі болды. Алайда АҚШ-тың тактикалық жоспарының өзгеруі стратегияда жоғалтуларға әкеліп соқты, себебі уақыт, әскер, қаржы жоғалту факторлары орын алды. Әскери тактикалық жоспардың міндетті өзгерістері АҚШ-тың тұрақты стратегиясының жалпы жоғалуына әкелді.

Бағдатты алғаннан бір жарым жылдан кейінгі Ирактағы жағдайды зерттей келе, екі маңызды көріністі атап өту жөн:

Біріншісі, Саддам режимінің құлауынан кейін елдегі жағдайды жағымды жағынан сипаттайды. Оны АҚШ әкімшілігі мен оған жақын БААС-тан басқа, Ирактың Уақытша Үкіметі, оларды қолдаушы күштер және кейбір Ирак тұрғындарының либерал-демократтық қолдаушылары.

Екінші, жағдайды мүлдем пессимистік тұрғыдан сипаттай отырып, Ирактағы болған жағдайларды мемлекет үшін қайғылы және қырып-жоюшылық АҚШ әкімшілігінің жоспарларының күшіне енбеуі деп қарастырады. Бұл топты әртүрлі аудандық саяси, қоғамдық және бұқаралық ақпарат күштері, олар өз жағынан Ирактағы америкалықтардың болуына қарсы тұрған, араб елдеріндегі қоғамдық-саяси қозғалыстар, көптеген тәуелсіз сарапшылар құрды. Бұл бағытты сонымен қатар көптеген араб және еуропалық елдердің басшылары Ирактағы соғысқа қарсы болған Ресей де ұстанды.

Жалпы ирактық компанияның басты жетістігі - С.Хусейннің жеңілуі, кейіннен оның жақтастарының мемлекет басшылығынан аластатылуы. Көптеген БААС-тық режимнің заңсыздықтары ашылды, оның ішінде жаппай көму, мындаған ирактықтарды сотсыз жазалау мәселелері жатқызылады.

Америкалық оккупацияға қарамастан, көптеген ирактықтар сөз бостандығын қайтарды. Қазіргі кезде Иракта 200-ден астам тәуелсіз газеттер мен журналдар басылуда. Адамдар кез келген сұрақтарға байланысты өз пікірлерін айтуға, бұрынғы диктатордың портретімен

митингтер мен шерулер құруға құқылы болды. Идеологиялық цензура жойылды, студенттер мен оқушылар Саддам мен БААС сөздеріне сілтеме жасалмаған жаңа әдебиеттер алды.

Өз келісімін таппаған этникалық және конфессияаралық жағдайға қарамастан, курдтар бөлінбей, шииттер Иранға қосылмады. Көптен аңсаған бостандықты алған Иранның оңтүстік шииттері 10 жылдан кейін өздерінің көшбасшылары жанында бас қоса алды, өздерінің саяси және діни талаптарын ашық айтып, Саддам уақытында тыйым салынған діни салт-дәстүрлерді орындауға құқық берілді. Олар Уақытша Үкімет министрлер орындарын, жоғарғы басқару орындарды иеленді. 10 жыл бойы Бағдад басқарушы тап өкілдерімен қудаланған курдтар қазіргі кездері өз елінде бостандыққа ие болып, олардың басшылары жаңа билікте маңызды рөл атқаруда. Жаңа уақытша конституция оларға тең құқық берді.

2005 жылы Ирақта алғаш рет президенттік сайлау өтті. Сонымен қатар тұрғын санағы, сайлау және саяси партия туралы заң қабылданды.

Негізгі ішкі саясаттағы жетістіктерге Негізгі заң немесе мемлекеттік басқару туралы заңды қабылдау болды. Оның нәтижесінде Ирактың болашақтағы негізгі қағидалары анықтала отырып, ұлттық бірлікті нығайта түсті және тәуелсіз, демократиялық Иракты құруға негізгі қозғаушы күші болып саналды. Ортақ пікірге келе отырып, Ирактың конституциялық құрылымын ұлттық-конфессиялық негізде емес, тарихи-жағрафиялық қағидаларға негіздеп, федеративті республика жариялануы шешілді. Губерниялар курдтық, шииттіктер орнына киркуктік, мосульдық, баастік деп өзгертілуі шешілді.

Негізгі заң қазіргі кездің өзінде Таяу Шығыс аудандарда дамытушы Конституция деп атала басталды. Онда баспасөзге, дінге толығымен бостандық берілді. Митингтерге тыйым салынбады, ал курдтарға федеративті мемлекет құруға, өздерінің автономдығын сақтап қалуға кепілдік берілді. Ислам заң шығарудың негізгі сілтемесіне айналды. Мемлекет бірнеше млрд инвестиция алуда басқа мемлекеттерге қаржы құюлар бюрократиялық қателерге байланысты анағұрлым аз болса да, соңғы айларда Иракты жандандыруға жоғарғы көлемде қаржылық көмек көрсетілді. Жоспар қатарында 3,5 млрд АҚШ долл. жобасы және 18,5 млрд АҚШ долл. жобаға жұмсау көзделді. Сыртқы 130 млрд АҚШ долл. қарызының жартысына дейін қысқартылған. Париждегі «донорлар» конференциясында Иракқа 3,6 млрд АҚШ долл., оның ішінен

19 млрд АҚШ долл. көмек ретінде беруі көзделді.

Мұнай өндіру, электр қуатымен қамтамасыз ету соғыс алдындағы дәрежеге жеткізілді, Саддам кезінде жойылған онға жуық курдтық ауылдар қайта құрылды. 1200-ден астам ауруханалар жұмысқа қосылды, мектеп, білім беру орталықтары қайта жанданды.

Ирак халқы әскери жағдайда толық өндірістік бостандыққа ие болды. Ұлттық буржуазияның жаңа топтары шықты, кең көлемдегі жобалар, соның ішінде бірнеше млрд ұялы телефон нарығы жоспарлануда. Жергілікті тұрғындар интернет желісіне қол жеткізіп, кинотеатр, қалқанды антенналар пайда болды.

Сұрастырылған Ирак халқының пікірінше, олардың өмірлері қазірдің өзінде жақсарған, ал 70%-ы болашақтан одан да көп үміт артатындықтарын білдірген.

Тағы да бір ирактық компанияның жағымды жағына, оның аймақтағы жағдайға әсер етуін атап өткен жөн. Осыған дәлел ретінде Ливияның бірден өзінің сыртқы саясатын қарастыруы, жаппай қырып-жою қару-жарағынан, халықаралық терроризмді қолдаудан бас тартуы, Иранның МАГАТЭ-мен ықпалдасуы, Парсы шығанағында араб мемлекетінің ұлттық, саяси келіссөздерінің басталуы, аймақтағы демократиялық өзгерістердің енуі, терроризмге қарсы әрекеттердің кең етек алуын жатқызуға болады.

Жөнсіз факторлар. Халықаралық заңдарды бұзу негізінде жаппай қырып-жою қару-жарағының бар болу туралы ақпараттың, әл-Каидпен байланыс ақпаратының дәлелденбеуіне байланысты Ирактың көптеген қалалары мен ауылдары бомбылауға ұшырады. Нәтижесінде мыңдаған бейбіт адамдар қаза тапты. «Халықаралық амнистия» ақпаратына байланысты 2003 жылдың 18 наурыз айынан бері 10 мың бейбіт халық қаза тапты. Басқаша айтқанда, коалициялық қақтығыстар тәуелсіздік «беру» орнына, Саддам кезіндегідей өлімдер, оның ішінде әдейі не қасақана Америка әскері қимылдарының нәтижесі де себеп болды. Америкалық әкімшілік ирактықтарға Америка әскерінің, әскери қызмет етуші және шетел шенеуніктерінің ісін сотта қарастыруға тыйым салынған. Оккупация нәтижесінде көптеген ирактықтардың ұлттық жойылуына әкелді, олардың ішінде жаңа билік құрылымына енбей, «тәуелсіздікке» қарсы шыққан азаматтар болды.

Елде терроризм кең етек жайды, күнделікті ондаған адам қаза табуда, далалардағы қауіп күрт өсті. БҰҰ-ң бұрынғы бас хатшысы К. Аннанның айтуынша, бұл жағдайда Иракта

ешқандай алға жылжулар көрінбейді. Жаңа Уақытша Үкімет «Америкалық басымдылықтан» бас тарта алмады. Үкіметтің кейбір мүшелерінің айтуынша, америкалықтар Ирақты АҚШ-тың бір штаты ретінде қарастыруда.

Мемлекет ішіндегі қарама-қайшылық өршуде. Америкалықтардың этникалық және конфессионалдық топтардың көшбасшыларымен түсініспеушілігі нәтижесінде үкімет басына этно-конфессионалдық және ру басшылары келді. Америкалықтардың болашақта мемлекеттегі адам құқықтарын сақтау, сайлаулардың бейбіт өтуі және бұл сайлауларды Америка бағытының басымдылық танытпауы туралы мәселе туындайды.

2003 жылы АҚШ-тың мемлекет хатшысы К. Пауэлдің Таяу Шығыстағы саяси тұрақты мемлекеттерге - Египет пен Сауд Арабиясына қысқа мерзімдік сапарлары кезінде, оған дейін Ирак премьер-министрі И.Алауидің сапары барысындағы негізгі қарастырған мәселе, арабиялық әскердің және мұсылман елінің Ирақтағы тыныштықты сақтау үшін қатысуы төңірегінде әңгіме қозғалды.

Оған дейін белгілі болғандай, америкалықтар және Ирактың жаңа билігі араб әскері мен мұсылман елдерінің коалиция қатарына қосылуына сенімсіздікпен қарады. Соның ішінде Иракпен шекаралас мемлекеттер СА, Иордания К. Пауэл мен И. Алауидің Джид пен Каирдегі келіссөздері көрсеткендей (2002 жыл), мұндай көзқарас бірнеше өзгерістерден өткенін айтты, себебі араб және мұсылман әскерлері (шекаралық мемлекет емес) коалиция күштеріне күш көрсетуін жеңілдетіп, сайлау жылы америкалық әскери қызметкерлерінің шығынын азайта алады.

Қабылданған негізгі заң бірнеше сұрақтар туғызады. Оппозиция, соның ішінде шииттіктер, оны қолдамады, ал шииттердің лидері Аль-Систани оны тежеулі уақыттағы бомба деп атады. Шииттіктердің ойынша, көзделген кез келген «азшылық» «Ирак халқының қағидаларына қайшы келеді». Заң курдтарға кең түрде көптеген құқық берсе де, курдтар да оған сенімсіздікпен қарады. Негізінде Иракта, араб елдерінің пікірінше, курдтар 100 жыл бойы тәуелсіздік үшін соғысқан, алайда америкалықтардың талабынан кейін өздерінің мақсаттарынан бас тартқан.

Халықтың 60%-ы жұмыссыздық халінде. Елде миллиондаған адам тек жай ғана жұмыссыз болып қалған жоқ, олар америкалықтардың талаптары бойынша, БААС-тың бұрынғы мүшелері мен Ирак әскерінде қызмет еткендерге

жұмыс беруге тыйым салудың құрбандары болды. Бұрынғы режимнің негізгі символы БАСС-ты қудалау екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі Германияны қудалау тәжірибесі негізінде ұлттық сипатта жүрді: ол кезде бұрынғы ұлтшыл партиялардың мүшелері заңсыз деп жарияланды. Ирактың жұмысқа қабілетті 1/3 қабылдаған режимге қарсы тұрды. Ол бөлігі Ирактың белсенді тұрғындарының көп бөлігін құрағандықтан, маңызды деп есептеуге болады. Оларды жаңа үкімет өз жағына тартпайынша, олар жаңа режимнің зор қарсыластары болып табылады.

Америкалықтардың ең негізгі қолдаушылары да олардың Иракқа қатысты саясатына толығымен сенбеуде. Көптеген ирактықтардың ойынша, АҚШ Иракты этникалық конфессионалды кішігірім мемлекеттерге бөлу арқылы әлсіретуге тырысты. Халықаралық жалдамшылардың немесе Иракқа қарсы тұру күштерінің бұл мемлекеттегі үлкен жарылыстарға қатыстылығы дәлелденбеді. Бұл өз жағынан оккупациялық күштердің арандату әрекеттеріне күдік туғызды, өздерінің аймақтағы болуын этникалық және конфессионалдық шиеленісті сақтаумен түсіндірді. Жағдай Ирактан әскерді шығару, елді одан әрі қылмыстық пен заңсыздықтарға әкелуімен шиеленісті.

Елдің экономикасы әлі де толығымен жанданбаған, керекті қаражат елге әлі де түспеген. Тұрғындардың жарты бөлігі америкалықтардың елдің экономикалық әлеуетін қолдануына қарсы. Бұл жаңа шетел инвесторлары туралы заң есептері бойынша анықталған, ол бойынша шетел компаниялары Иракты экономиканы толығымен басқаруға тырысуда. Әлеуметтік жағдай да қиындай түсуде, көптеген балалар мектепке бармаған, қалаларда коммуналды қызмет мүлдем жоқ.

Ирак тарихындағы мұндай шиеленісті өзгерістер Ирак халқына жаңа тәуелсіз демократиялы мемлекет құруына мүмкіндік берді. Соның нәтижесінде Ирак мемлекеттілігін сақтайтын, елдің ішкі жағдайын демократиялық жолмен шешілуін қамтамасыз ететін, әлеуметтік-экономикалық сұрақтар мен тағы басқа мәселелерді шешетін құқықтық база құрылды.

Қазіргі кезде елдің негізгі міндеттері - елдің экономикасын нығайту, қоғамдық өмірге қолайлы жағдайлар жасау, жаңа тұрақты мемлекеттік институттарды құру. Біздің еліміз жаңа үкіметке үміт артып, қазіргі кезде шиеленіскен жағдайды тұрақтандыруы, Ирактың тәуелсіздігін нығайту мен халықаралық аренадағы деңгейін асыруына сенеді.

Қазақстан, Ирақтың толығымен тұрақтанғаннан кейін, АҚШ-қа байланысты стратегиялық әріптес ретінде соғыстан кейінгі Ирақтың экономикасына көмек ретінде ұсыныстарын білдірді. Иракқа келесі өнімдерін жіберуіне дайындығын айтты:

Республикада шығарылатын өнімдер; құрылыс материалдары, металдар, дайын конструкция, электрлі су насостары, кейбір мұнай, энергия жабдықтары, сонымен қатар қазақстандық мемлекеттік және жеке кәсіпорындардың денсаулық сақтау мен білім беру мекемелерін жандандыруға қатысу, сумен жабдықтау мен ирригациясының құрылыс жұмыстарына қатысуы, жалпы Ирақтың шаруашылығын қайта іске қосуына қатысу.

Ирақтағы өмірге қажетті негізгі инфрақұрылымын қайта жандандыруға Қазақстан мамандарын жіберу.

Белгілі себептерге байланысты, С.Хусейн билігінің құлауына дейін Қазақстан мен Ирак қарым-қатынастары айтарлықтай белсенді болмады, ресми тұлғалардың екіжақты қарым-қатынастары көріністік сипатта ғана болды.

Хусейннің әскери операциясына қарсы әрекеттерде Қазақстан басқа әлемдік одақтастармен бірге дағдарысты бейбіт шешу саясатын ұстанды.

Иракта керекті мөлшерде мұнай қоры (9,3 млрд тонна), табиғи газ (132,2 млрд куб.м), күкірт (365 млн т.), фосфат (330 млн доллар т.) бар. Кувейттегі жағдайға дейін мұнай экспорты жыл сайын 21-26 млрд АҚШ долларын құрады. Мұнай экономикалық дамудың, әлеуметтік-экономикалық жандандудың негізгі көзі болып табылады. Осы сияқты экономикалық ұқсастықтар ынтымақтастық үшін болашаққа үлкен жол ашады.

Қорытындылай келетін болсақ, ХХ ғ. соңғы ширегі мен ХХІ ғ. басында Парсы шығанағы аймағы әлемнің саяси, әлеуметтік және әскери тұрғыда шиеленісті аймағы болып келеді. Көптеген ғасырлар бойы Парсы шығанағының геосаяси құндылығы екі - тарихи және географиялық факторға тікелей тәуелді. Екінші дүниежүзілік соғыс уақытынан бастап 80-жылдарға дейін Таяу Шығыс, әсіресе Парсы шығанағы, Америка Құрама Штаттары мен Кеңес Одағы арасында айтарлықтай тұрақсыз, тікелей емес

қақтығыстар етек жайған геосаяси театрлардың бірі болып табылды.

Соңғы жылдарда Парсы шығанағының геосаяси жағдайында елеулі өзгерістер орын алуда. Олардың аса маңыздысы - АҚШ-тың Ирақтағы экспансиясы және оның Шығанақ елдері үшін, сондай-ақ әлемдік қоғамдастық үшін нәтижелері. Ирақтағы оқиғалардың нәтижесі: кең көлемдегі әскери қару-жарақ жеткізілуі; Шығанақта шетелдік қарулы күштердің тұрақты табылуы және олардың әскери операцияларға қатысуы; АҚШ-тың тығыз әскери, саяси және дипломатиялық қызметі; бір жақтан - Парсы шығанағы елдері және екінші жақтан - қозғалысы батыс державалары арасындағы қарым-қатынас сипатымен анықталған мұнай долларлар айналымының кең көлемділігі.

Халықаралық істерде америкалық үстемдікті алға жылжытатын АҚШ билеуші топтары «қырғи-қабақ соғысының» аяқталуына орай әлемдік тәртіптің өзгеруі Парсы шығанағының геосаяси маңыздылығының төмендемей, керісінше жоғарылағандығымен сипатталады. Бұл аймақ барлық доктриналық құжаттарда сыртқы саяси тақырып бойынша «АҚШ өмірлік көкейтесті мүдделеріне» әрқашан кіріп отырады. Мұндай концептуалдық жақындау аймақтың әлемдік экономика тұрақтылығын және Атлантикалық альянстың жетекші елдерінің тыныштығын қамтамасыз етуде маңызды рөлін мойындауы ретінде, сондай-ақ өзекті халықаралық және аймақтық түйінді мәселелердің кең қатарына әсер ете алатындығы ретінде түсіндіріледі.

1. Уткин А.И. Правда об Ираке или битва в Месопотамии. - М. 2007.

2. Багдански Й. Талибы международный терроризм и человек, объявивший войну Америке. - М., 2002.

3. Iran and Libya Act of 1996 (Sec 5). Wash., 1996.

4. Вавилов А. «Буря в пустыне» - три года спустя // Обозреватель проблемы. Анализ. Прогнозы. - 1993. - № 23.

5. Кларк У. Как победить в современной войне Ирак, терроризм и американская империя. - М., 2005.

В статье рассматривается современное положение Ирака после конфликта с США. Также рассматривается роль Ближнего Востока во внешней политике РК на примере Ирака.

This article deals with the modern condition of Iraq after the conflict with USA. Also author considers the role of the Middle East in the foreign policy of the Republic of Kazakhstan on the example of Iraq.